

Жыраулар шығармаларындағы жақсылық пен жамандық кісілік қасиеттерді айқындаушы ретінде

Аннотация: Қазақы дүниетанымда жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген. Бұл түсініктер таза поэзия аумағынан шығып, халық даналығы үлгілеріне, философиялық пайымдауларға айналған. Жыраулар шығармаларының басты қызығы адам, яғни өзінің замандасы, ол адам баласына үлкен сенім артып жырлайды. Халықты бірлікке, берекеге, батырын ерлікке үндейді. Сондықтан да жеке адамның қалыптасуында сыпайылық пен адамгершілік, әдептілік пен әдемілік принциптерінің өте үлкен рөл атқаратындығын ерекше атап өткен дұрыс. Сонымен қатар, білім мен білімділіктің маңыздылығын терең түсіне білді, қазақ жастарын ізгілік пен шындықты, әдептілік пен ақыл-ойды, адамгершілік пен білімді өмірлерінің ең негізгі принциптері деп қарауға шақырады. Жыраулар шығармаларынан қазақ халқына әр уақытта өмірінің аяғына дейін адамдық қасиетінді жоғалтпа, аяққа баспа деп үйретті. Сондықтан адамгершілік нормалары мен принциптерін күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз адам деп есептеуге болады деген ойларын жеткізген.

Annotation: on Kazakh world view concepts kindness and evil represented in detail and artistically on work of poet-writer. These the concepts went out from clean territory of poetry, people standards of wisdom, philosophically to reason revolved. Main fun compositions of writer man, viz. contemporary, to the children of man he increased large trust glorifies. People to unity, to the abundance, hero to heroism sounds. And therefore individual man on formed modesty morality, politeness and beauty principles, very large role especially mentioned to conduct, correct. and also, knowledge and form importance deeply dinner knows, Kazakh young people humanism and true, politeness and reason, morality and knowledge life same basic principles talks look invite. Not lose from compositions of writer your the humanism quality to the people of Kazakh look in time to leg your of life, talk, not trample, taught. Therefore to the method daily life morality, norms and принциптерін twirled

Әдеп, тіпті, жалпы рухани мәдениет, жақсылық пен жамандықты айыра білу қабілеттілігінен басталады. Жануардың жануар болып қалатын түпнегізі осы қабілеттіліктің болмауында. Қ. Жарықбаевтың «Әдеп негіздері» кітабында бұл ұғымдарға мынадай анықтамалар беріледі: «Жақсылық – жалпы әдептің баламасы, адамгершілік пен имандылықты білдірудің ең жалпылама ұғым-түсінігі. Адамға жағымды нәрселердің бәрі жақсылық ұғымына кіреді. Жамандық – керісінше, адам күнкөрісіндегі жағымсыз көріністердің жалпылама аталуы. Оған қоғамдық пікірмен айыпталатын теріс қылықтар мен пиғылдар жатады» [1].

Қазақы дүниетанымда жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген. Бұл түсініктер таза поэзия аумағынан шығып, халық даналығы үлгілеріне, философиялық пайымдауларға айналған.

Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұн шығармашылығында классикалық көрініс тапқан дидактикалық, тәлімдік, ғақлиялық дәстүр

қазақтың алғашқы ойшыл философы Асан Қайғы толғауларында тікелей жалғасын тапқан және бұл толғаулардағы басты мәселенің біріне халық, тыныс-тіршілігінің жарық пен күңгірт жақтарын поэтикалық үрдісте ашу жатады.

Қазақ философы Қ.Әбішев жазғандай, жақсылықтың айшықты өлшеміне адамдардың дүниемен қатынасына да, өзара қатынастарына да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, оларды сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, оны былғайтын, оны тәрік ететіннің бәрін де жамандық деп қарау [2].

Бұл жерде маңызды этикалық мәселе көтеріліп тұр. Ол – жақсылықтың шартсыздығы. Біздің ісіміз жақсылық па, әлде жамандық па деп дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ол дауысқа салынбайды, тылсымдық түрде бірден аңғарылады. Не болса да, ол болуы керек. Өйткені ізгілік адамның болмысымен тікелей қатынасты жақсылықтың жасалуы есеппен жүрмейді; ол оны сатқанмен, міндетсінгенмен бірдей әрекет болып табылады; ол «өз қайтарымын күтпейтін және адамның шынайылығынан туындаған өмірдегі нұрлы қадамдар болып табылады». Жақсылықтың бағдары – адамды көтермелеу. Керісінше жасалған әрекет жамандыққа әкеледі.

Дәстүрлі қазақы дүниетаным мен әдеп жүйесі жақсылықтың қайнар бұлағы ретінде табиғатпен үндестік қатынаста болуды жариялайды. Бұл еуропалық түсініктегі арнайы натурализм емес. Қанат Нұрланова дәлелдегендей, адам мен дүниені егіз деп қабылдау. Жасампаз адам дүниені бүлдіруден гөрі оны бүтіндеуге басты назар аударады:

Жыраулар табиғатты суреттегенде оны өз тұрғысынан емес, «адамзаттық мәні» тұрғысынан қарастырады. Бұл дәстүрді қазақ ақын-жыраулары түркілік ұлы ойшылдарынан қабылдады деуге де болады. Мысалы, Жүсіп Баласағұн әсемдік пен ізгілікті шебер үйлестіріп, өз қолымен «жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадап, қара түнді, жарық күнді жаратқан» хақ тағаланың шеберлігін әсем суреттейді. Аспан денелері де кейде ашықтан-ашық, кейде құпия көк жүзінде шеңбер сызып өзара қырқысып жауласады. Жеңілген жұлдыздар ағып түседі де біржола тынады. Кейін қазақ дүниетанымы да аспандағы жұлдызды адам тағдырымен теңестіреді. Бір адамның қайтыс болуы – бір жұлдыздың ағып түсуі.

Аталған дәстүрді ақын-жыраулар шығармашылығынан нәр алған Мұхтар Әуезов те тамаша жалғастыра білді. «Абай жолы» эпопеясынан бір үзінді келтірейік: «Аспан әлемі ерекше кеңейіп, шексіз жиһан барынша ғажайып, жайнап тұр. Көрмеге шыққан сиқыр ғалам әлсіз адам ойымен, қиялымен ойнағандай. Көз шарасына, ақыл санасына симастай алып, барлық адам ойын осы бір тынып барлап тұрған ұлы тыныштығының өзімен де кішірейтіп, тозаңдай елеусіз етіп, бағындырып тұр» - дейді[3].

Егер Асан Қайғы шығармашылығына қайтып оралсақ, онда даналықтың рухани негізінде табиғи мифология бар екендігін аңғаруға болады. Табиғаттан тарайтын шынайы, қылаңсыз, мұрат тұтарлық қасиеттердің қай-қайсысы да жіктелмей барынша бірегей танылды. Уақыт та кеңістіктен ажырай алмады. Әлем ғарыш шеңберінде адам арын, кісілік қасиеттері ылғи

өзгеріп, құбылып отырады. Сөз ғана емес, шаш, жүн, құстың қауырсыны, от, тас, жануарлар сүйегі...— бәрі киелі. Халық аспанға, айға, күнге сыйыну, аруақ шақыру, ата сақалға табыну сияқты бақсылық, тәңіршілдік, магиялық, әр-қилы наным-сенім дәстүрін ауыз-екі мәдени мәтіндер түрінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады.

Ұзақ жылдар бойы қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесі жөніндегі мәселелерімен айналысып келе жатқан белгілі ғалым, педагогика ғылымдарының докторы С.Калиевтің мына пікірі осы ойды орнықтыра түскендей: «Кешегі тоқырау заманда қалыптасып қалған өткендегі халықтың мәдени мұра атаулыға келешегі жоқ, дәурені өткен дүние» деп менсінбей қарайтын, «мән-мағынасыз, даңғаза музыкалар мен әсіре модальды әлем-жәлемге еліктеп, нашақорлық пен маскүнемдік, дөрекілік пен пайдакүнемдік сияқты жексұрын қылықтарды қолпаштап, шолжың өскен кейбір еңбек сүймейтін парықсыз жастарды халқымыздың ғасырлар бойы қасиет тұтып келген тілі мен музыкасына, өнері мен еңбекті, сондай-ақ ар-намыс, ар-ождан, Отан үшін күресуді дәріптейтін халық педагогикасына, оның жалынды жаршылары — ақын-жыраулар шығармаларына сусындата тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр» [4].

Жақсылық пен жамандықтың арасындағы еркін таңдау кісілік дербестікке жеткізетін жол. Бұл сипатта жырау жеке тұлғалық бостандыққа да үлкен мән береді. Шалкиіз шығармашылық ақын-жырауларда адам философиясының жеткілікті деңгейде болғанын көрсетеді. Адам атын жамылғанның бәрі кісі емес. Туысқан болған жақсылық. Бірақ жаман туысқанның барынан жоғы игі.

Жыраудың адам, оны қоршаған орта жайындағы түсінігі сол заманның санасынан елес береді. «Көптің құрығы ұзын», «көп — жауға сұс, елге — қорған». Бұл мақалдың ақиқаттығы әсіресе білектің күші билікші болған ескі жаугершілік заманда ерекше көзге түседі. Сол қалың көпті қайтсем біріктірем деп жырау мұңаяды. Ол заман үшін мұның жалғыз-ақ жолы ол — рулар туыстығы, қандастық. Сондықтан Шалкиіз «жалғыздың жоғы табылмас, рулының оғы қалса табылар» деген мақалдың даналығына бас ұрады. Алайда, туыстың бәрі бірдей емес, жақсысы да, жаманы да бар.

Жыраулар шығармаларының басты қызығы адам, яғни өзінің замандасы, ол адам баласына үлкен сенім артып жырлайды. Халықты бірлікке, берекеге, батырын ерлікке үндейді. Сондықтан да Үмбетей толғауларындағы үлкен серпімді ой бізге суымай, үзілмей жеткен деуге болады.

Жалпы жыраулар шығармаларындағы жоқтау жыры Бөгенбай өлімін естірту мақсатында болғанымен, оның кісілік-құндылық қасиеттерін, яғни батырлығын, даңқын, ерлігін намысшылдықпен жерін, елін, Отанын сүйіп, өзінің перзенттік парызын бір кісідей-ақ өтегенін дәріптей келе, хан Абылайды баулып, ұрыстарда шындаған бірден-бір қамқор, ақылшы аға ретінде көрсетіп, келер ұрпақты осыдан үлгі-өнеге алуға шақырады.

Сонымен қатар Бұқар жырау тек замани жамандықтарды сынап қана қоймай, олардан арылудың жолдарын көрсетуге тырысады: «әрекетсіз жақсылық жоқ, жақсы іссіз кісілік жоқ, кісіліксіз адам жоқ, адамсыз

махаббат жоқ, махаббатсыз бақыт жоқ». Жақсылықты осылай түсіну арқылы жырау «Адам тіршілігінің мәні не және ол не істеу керек?» – деген сұраққа жауап іздейді. Жыраудың көзқарасы бойынша дүниеде бәрі өткінші, тек адамның жақсы істері мен аты мәңгіге қалады.

Бұқар жырау заманның аумалы-төкпелі болғанын, саналы ой емес, санасыздықтың бел алып бара жатқандығын, адам болмысының азып, танымның таусылып бара жатқанын қынжылып наразылықпен жырласа, кейде өткенге өксіп қарамай, ескіні аңсамай, болашаққа да назар салмай, өз тұсындағы заманның мән-мағынасын түсінуге ғана тырысып, өзіндік танымы жеткен құбылыс шындықтарын халыққа жақын жеткізу бар. Жеке адамның қалыптасуында сыпайылық пен адамгершілік, әдептілік пен әдемілік принциптерінің өте үлкен рөл атқаратындығын ерекше атап өткен дұрыс. Сонымен қатар, білім мен білімділіктің маңыздылығын терең түсіне білді, қазақ жастарын ізгілік пен шындықты, әдептілік пен ақыл-ойды, адамгершілік пен білімді өмірлерінің ең негізгі принциптері деп қарауға шақырады. Жыраулар шығармаларынан қазақ халқына әр уақытта өміріңнің аяғына дейін адамдық қасиетінді жоғалтпа, аяққа баспа деп үйретті. Оның пікірі бойынша, адамгершілік нормалары мен принциптерін күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз адам деп есептеуге болады.

Адам үшін оның өміріне мән беріп тұрған негізгі нәрсе – өз бойындағы адамшылықты жоймау, бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Осы дүниеге адам болып келгендіктен, осы дүниеден адам болып кету керек. Адамның адамдық қасиетін өмір сүру барысында жоғалтып алмау бұл да адамның ең алдымен өз алдында, басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі, ол адам тарапынан белгілі бір ерік-жігерді, қайратты қажет етеді.

Адам баласы ежелден-ақ бақытты өмірді, бейбіт тіршілікті, берекелі тұрмысты аңсап-армандап, іздеген. Қайткенде адам бақытты болады? Қай жерде, қандай жағдайда ол өзін бақытты сезінеді? Міне мұндай сұрақтар әр заманның данышпанын да, қарапайым жұртын да толғандырған.

Бұқар жырау жырларынан оның нақыл сөздерге философиялық ойлы тебіреністерге толы, заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп отырған азамат ақын болғандығын көреміз.

Кісілікке жатпайтын қылықтармен күресу мәселесі жыраулар айыптау үрдістерімен жазалап отырған.

Жалпы алғанда, қазақ ақын-жыраулары жақсылықтың адамгершілік өлшемдерін беруде терең ойлар айта білген.

Қазіргі заманда болашақ ұрпақты тәрбиелеуде оның жақсы адам болып қалыптасуында өткен замандағы ақын-жыраулардың терең айтылған ойларын, нақыл сөздерін, идеяларын әр кезде де айтып отыру және оқып үйрену керек деп ойлаймын. Сондаға біздің болашақ ұрпақтарымыз бұзылмай тәрбиелі қоғам қалыптастырамыз деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Өміралиев Қ. XII-XIII ғ.ғ. көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 128 б.

2. Қазақтың дәстүрлі құқықтарының түп-төркіні // Жоғары сот жаршысы. – 1995. – № 2. – 5 б.
3. Төрт би төренің заң-ереже тізімдері. Керей шежіресі. –Үрімші: Халық баспасы, 1994. – 68 б.
4. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жеті жарғы, 1993. – 108 б.
5. Ғабитов Т.Х. Мақсат, мақсаттылық және мұрат. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 112 б.